

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1117 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 265 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.05.2016 № 265 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 101-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Мусин Аслан Есболайұлы енгізілсін;

"Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кәрім Қажымқанұлы орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кәрім Қажымқанұлы орынбасары, жетекшінің орынбасары".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*